

«Бекітемін»  
«Күншуак» бөбекжай-бақшасы» МКҚК  
менгерушісі *Жуф*  
Ж.А. Курманова  
« 14 » « ақпан » 2024 жыл



# Спорт-біздің досымыз

Дене тәрбиесі нұсқаушысы:  
Арыстанғалиева Н.Ж.

Мақсаты: «Аналар мектебі», «Спорт-біздің досымыз» апталығы аясында топаралық аналарды өзара түсіністікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, балабақша тынысына араластыру.

Түрі: Эстафеталық ойын.

Көрнекілігі: Түрлі түсті сулар, теннис ракеткасы, шеңбер, доптар, кедергілер, шығыршықтар, тюбинг, ысқырық.

Құрметті аналар, бүгінгі «Спорт-біздің досымыз» сайысына қош келдіңіздер!

Көңілді жарысқа 2 топ яғни, «Барыс» және «Қырандар» топтары қатысады. Жарысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз.

- Ендеше аналар, жарысымызды бастамас бұрын денемізді қыздырайық, сіздерді ортаға дене қыздыру жаттығуына шақырамын.

- Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар! Сайысымызды бастаймыз.

I. Кезең. «Кім жылдам?»

Шарты: Шеңберді қолымызға ұстап, допты айналдыра жүгіру. Ойыншылар алма-кезек жасайды.

II. Кезең. «Тюбинг»

Шарты: Бір ойыншы тюбингке отырады, екінші ойыншы тюбингті сүйрейді. Ойыншылар кезекпен жалғастыра береді.

III. Кезең. «Суретшілер сайысы»

Шарты: Берілген түрлі-түсті бояулармен аналар қарды бетіне сурет салады.

Қырандар тобы «Ормандағы қыс бейнесін суреттеу», Барыс тобы «Үй маңындағы қыстың бейнесін суреттеу»

IV. Кезең. «Теннис ойыны»

Шарты: Қардан доп жасап алып, теннис ракеткасына қойып кезекпен жүгіріп бару. Кім бірінші аяқтаса сол топ жеңіске жетеді.

Осымен сайысымыз аяқталды ойыншылар! Әділ қазыларымыздың шешімі дайын болғанша барлығыңызды «Кофтаймға» шақырамын. Әділ қазы алқалары сөз сөйлейді.

Салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік достар!



